

3 июня в нашем районе прошло Единое Национальное тестирование. Средний балл по району составил 86,86 (в прошлом году 72,8). От 90 до 100 баллов набрали 33 выпускника, что на 6 человек больше, чем в ЕНТ-2015. От 101 до 110 баллов получили 23 человека (в прошлом году – 18 человек). В целом, свыше 101 балла в этом году набрали 47 человек (в ЕНТ прошлого года таких было 26). 120 баллов набрал один выпускник. От нуля до 3 баллов (двойки) получили 1,7 % участвовавших в тестировании (в прошлом году – 7,6%). Лучшие результаты показали: СШ Жамбыла – 103,3, СШ им. Пушкина – 98,46 и СШ им. Горького со средним баллом 96,06.

Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издается с 28 июня 1999 года

№ 24 (919)

10 маусым 2016 жыл

Жұма

В связи с террористической атакой в Актобе и гибелью военнослужащих и гражданских лиц, Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев выступил с обращением. Он, в частности, сказал: «Пользуясь либеральностью государственной политики и наших законов, кое-кто захотел проверить государственную власть на прочность. Заявляю, что мы всегда будем принимать самые жесткие меры для подавления экстремистов и террористов. Для этого у государства есть все возможности и силы.

ЗАЩИТИМ НАШУ СТАБИЛЬНОСТЬ

Мы все знаем, что так называемые «цветные революции» имеют различные методы и начинаются с надуманных митингов, убийств, стремления захватить власть. Эти признаки проявились и у нас. В странах мира, где прошло такое, сегодня нет ни государства, ни стабильности, там царят нищета и бандитизм, созданы условия для появления экстремистов и террористов. Экономика этих стран отброшена на десятки лет назад.»

Призываю весь народ, все политические и общественные объединения сплотиться и показать, что мы защитим наш мир, стабильность и дружбу всех казахстанцев! Государство примет дополнительные меры по борьбе с теми, кто пытается расшатать общество и страну. Мы специально их рассмотрим и подведем итоги, - заключил Глава государства.

Также распоряжением Президента 9 июня был объявлен днем национального траура. Были отменены увеселительные мероприятия, а на государственных учреждениях – приспущены государственные флаги.



СО ВСЕЙ СЕРЬЕЗНОСТЬЮ К ДЕЛУ

В Каратальском районе состоялся проверочный партийный рейд по реализации проекта «Будущее без границ», который возглавил первый заместитель председателя Алматинского областного филиала партии «Нур Отан» Галиаскар Сарыбаев. Также, здесь были проведены и другие мероприятия.

активистами района, проведя аналогичную разъяснительную работу. Также, он рассказал о том, какие именно работы в настоящее время ведутся партийной организацией.

На завершающем этапе, нуротановцы побывали на строительном объекте, где возводится новый детский сад, на 320 мест. Общая сметная стоимость реализуемого проекта состав-



ляет 738,9 млн. тенге. Основная часть средств была выделена из Национального фонда страны. Также, часть денег поступила из местного бюджета. Руководством подрядной организации было отмечено, что работы идут согласно графику и детское учреждение будет сдано в эксплуатацию к началу сентября.

Н. ИВАНОВА

Аудан әкімдігінде

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР КӨТЕРІЛДІ

Дүйсенбі күні аудан әкімдігінің кіші залында Қоғамдық кеңестің 6-шы отырысы болып өтті. Отырысқа аудан әкімі Қ.Бисембаев және орынбасарлары, қала, ауыл округтерінің әкімдері, бөлім басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері

Кеңес отырысының төрағасы Тұрсын Оспанов жиналғандарға күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Жер қатынастары заңнамасын жетілдіру туралы» баяндама жасады. Содан кейін Тұрсын Молдағалимұлы кеңесте көтерілген келесі: «Қаратал ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының

мөлшерлемелерін жоғарылату туралы», «Қаратал ауданындағы аз қамтылған отбасыларға, (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы», «Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы» мәселелер бойынша баяндамашыларға сөз берді. Мінберге көтерілген Қаратал ауданының жер қатынастары бөлімінің басшысы С. Қосжанов, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары А.Қарымсақова және Бастөбе ауылдық округінің әкімі Э.Ким тиісті баяндамалар жасап, қатысушыларға мағлұмат беріп өтті. Жиналғандар тарапынан сөз сөйлеушілерге салмақты сауалдар қойылып, ұтымды жауаптар берілді.

Қоғамдық кеңестің күн тәртібіне енгізілген мәселелер жан-жақты қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Жиынды Тұрсын Оспанов қорытындылады.

Өз тілшіміз.

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2016 жылдың 03 маусым күні сағат 15:00-де қала әкімшілігінің ғимаратында жергілікті қоғамдастық кеңесі мүшелерінің қатысуымен «Мир» көшесінің атауын Қаратал ауданының тумасы, ҰОС ардагері Балабек Исламжановтың атына өзгерту туралы, Фрунзе ауылының «Фрунзе» атындағы көшесінің атауын Қаратал ауданының тумасы, ҰОС ардагері «Халық ағарту қызметкерлерінің үздігі» Төлтай Телековтың атына өзгерту туралы, «Лермонтов» көшесінің атауын Қаратал ауданының тумасы, еңбек ардагері Қанапия Берлінбаевтың атына өзгерту туралы, «Суворов» көшесінің атауын Қаратал ауданының тумасы, еңбек ардагері Рахымжан Мураділовтың атына «Фрунзе» ауылының атауын 18 ғасырдың бірінші жартысында жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен қазақ батыры – Өтеген батырдың атына өзгерту туралы. «Опытное» ауылының атауын Ойсаз атына өзгерту туралы тұрғындар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында қала әкімі міндетін атқарушы Қ. Оңғаров тұрғындарға Б. Исламжанов, Т. Телеков, Қ. Берлін-

баев, Б. Нұрғабайұлы, Р. Мұраділов, Өтеген батыр, Ойсаз жайлы қысқаша мәліметтер айтып өтті. Жоғарыда есімдері аталған еңбек ардагерлері Қаратал ауданының дамуына өз үлестерін қосып қана қоймай, келер жас ұрпаққа үлгі боларлықтай өнеге қалдырды деп айта аламыз. Бұл кісілер ерен еңбегі үшін ерекше құрметке лайықты екендігін жеткізді. Сонымен қатар, жиналыс барысында сөз алған қоғамдастық мүшелері мен еңбек ардагерлері – Т. Дөненбаев, Б. Жұлпынов, С. Дәмебаев және т.б. барлығы аталған көшелерді және 2 ауылдың атауын өзгертуге келісімдерін білдірді. Бірауыздан келісіп, шешім қабылданды. Жиналыс соңында, Алматы облысы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласының Мир, Фрунзе ауылындағы Фрунзе көшесі, Лермонтов, Суворов, Іле, Фрунзе ауылы, Опытное ауылы атауын сәйкесінше Б. Исламжанов, Т. Телеков, Қ. Берлінбаев, Б. Нұрғабайұлы, Р. Мұраділов, Өтеген батыр, Ойсаз атына өзгерту үшін аудандық және атқарушы органдардың шешімін шығару үшін қажетті құжаттар (түсіндірме жазбаша хаттар, экономикалық есеп-қисаптар және т.б.) дайындалып, жіберілді.

Қ. ОҢҒАРОВ, жиналыс төрағасы
А. БЕРЛІНБАЕВА, жиналыс хатшысы

Рәміздер күнінен

1992 жылдың 4 маусымында тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді. Сондықтан да бұл күн мемлекеттік нышандардың туған күні ретінде ел тарихында мәңгілік орын алды.

МЕМЛЕКЕТ АЙБЫНЫ, ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰМАРЫ

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз сөзінде «Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін белгілер. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі. Мемлекеттік рәміздер - халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Желбіреген аспан түстес байрағымыз халқымыздың арманын асқақтатып, қыран бүркіттей елімізді аспан әлемінде қалықтатып тұр», - деп атап көрсетті.

Өткен аптаның сенбісінде қаламыздың орталық саябағында «Мемлекеттік рәміздер – ел белгісі, ұлт мақтанышы» атты патриоттық шара ерекше салтанатпен өткізілді. Біздің өнерлі өрендеріміз барын салып, жиналғандар көңілін бір серпілті. Саябақтың іші айрықша безендіріліп, мемлекеттік рәміздер барынша ұлықталды. Мемлекеттік нышандарды ұлықтауға арналған шара Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туын терге алып шығумен және мемлекеттік Гимнді орындаумен басталды. Жұртшылықты мерекемен құттықтаған аудан әкімі Қайрат Бисембаев: «Шаңырағың биік, кереген кең, босаған берік болсын», - дейді дана халқымыз. Бұл сөз тегіннен-тегін айтылмаса керек. Бүгін бірлігі жарасқан егеменді еліміз бірлікке бастаған мәңгілік жарасымдылықтың нышаны Рәміздер күнін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында ерекше ықыласпен атап өтуде. Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенеле берсін», - дей келіп, бірқатар ұжымдар мен азаматтарды алғыс хаттармен мара-паттады.

Ауданның қоғамдық өмірі мен әлеуметтік саласында белсенділік танытып, елдің дамуы мен көркеюіне қомақты үлес қосып, Мемлекеттік Рәміздерді насихаттауда белсенділік танытып, білімді де, алғыр жастарды тәрбие-

леп отырған ұжымдар мен озық ойлы азаматтарымыздың қатарынан табылған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (басшысы С. Амандосов), тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі (басшысы Ф. Ибраев), Бастөбе сервистік-техникалық колледжі (директоры М. Жамалбеков), Лермонтов атын-



дағы ОМ (директоры Л. Котова), Үштөбе қаласы әкімдігінің ұйымдастыру бөлімінің басшысы А. Берлінбаева, аудандық білім бөлімінің әдіскері М. Уәлиева, М. Горький атындағы ОМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Ізбасаров, Ілияс Есенберлин атындағы ОМ информатика пәнінің мұғалімі Данияр Мыңдидиндер өңір басшысының Алғыс хаттарына ие болып, қошеметке бөленді.

Келесі кезекте аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Тұрсын Оспанов өзінің жүрекжарды лебізін білдірсе, Б. Римова атындағы ОМ гимназиясының оқушысы, түрлі байқаулардың жеңімпазы Әлішер Мұратбаев жас буын өкілі ретінде мінбер төрінен ұн қатты. Одан кейін көпшілік назарына № 51 орта мектеп гимназиясы оқушыларының «Рәміздерім - мақтанышым» атты өлеңи-монтажы ұсынылып, шара облыстық филармонияның әртістері мен аудан өнерпаздарының концертіне ұласты.

Лида ЖАНБОТАҚЫЗЫ

ПО СТРАНЕ ВВЕДЕН УМЕРЕННЫЙ «ЖЕЛТЫЙ» РЕЖИМ ТЕРРОРИСТИЧЕСКОЙ ОПАСНОСТИ

Он будет действовать в течение 40 дней. Об этом сообщили в пресс-службе КНБ РК. Казахстанцы просят обращать внимание на бесхозные предметы, не прикасаться к подозрительным предметам, относиться с пониманием к действиям сотрудников правоохранительных органов при проверке документов и оказывать им посильное содействие. Также жителей призывают не поддаваться панике и руководствоваться официальной информацией госорганов.



Тәуелсіздік шежіресі (Тарихи хронология) РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРСАУЫНДА

Тарихшылардың еңбектеріне сүйенсек, 1760 жылы Патша үкіметі шекаралық аймақтарда тұратын халықтың санын көбейту мақсатымен қазақ жеріне казактарды қоныстандыра бастайды, сонымен қатар Жайық пен Волга өзендерінің аралығындағы жерлерге көшіп-қонуға тиым салуы ата-бабаларымыздың ашуына тудырып, олардың 1773 – 75 жылдары Е.Пугачев бастаған Ресей шаруаларының көтерілісіне қатысуына әкеліп соқтырды. Сондай-ақ осы әділетсіздік салдарымен 1783 – 97 жылдары Сырым Датов бастаған батыс өңірінде қазақтардың көтерілісі бүрк етті. Мақсаты: патша үкіметі тартып алған атамекенін қайтарып алу, отарлық басқыншылықты тоқтату, хан әулетінің озбырлығын шектеу, Жайық бойында казак әскерлерінің шектен шыққан әрекеттерін тоқтату болды. Сырым патша үкіметінің қолжаулығы болған хандықты құлатып, Нұралы ханды Уфаға жер аудартып, «Халық кеңесі» деген өкімет құрды. Кедей, орта шаруалар үшін «Халық қорығы» деп аталатын ортақ жер қорын дүниеге әкелді. Он тәртіпті қозғалыс көтеріліс жеңіліспен аяқталды. Патша «Халық кеңесін» таратып, хандықты қайта орнатты. 1797 жылы Хиуа жеріне өтіп кеткен Сырым батыр 1802 жылы сол жақта қайтыс болды. 1797 – 1814 Қаратай сұлтан, 1816 – 21 жылдары Арыңғазы сұлтан бастағанда көтеріліс болды. 1769 жылы хан Әбілмәмбет қайтыс болған соң, Абылай 1771 жылы үш жүздің ханы болып сайланып, қалыптасқан дәстүр бойынша Түркістандағы таққа отырды. Ол кезінде Әбілмәмбеттен кейінгі кіші хан болса керек, себебі Абылай 1757 жылдан бастап Қытаймен тығыз дипломатиялық қарым-қатынаста болып, ол кезіңде Қытайға он бір елшілік жіберген (Н.Мынжан «Қазақтың қысқаша тарихы»). Әбілхайыр да Абылай да ішкі-сыртқы саясатты Ресейден тәуелсіз жүргізген. «1781 жылы Абылай хан өмірден өткен соң біртұтас қазақ хандығы болған жоқ, Осы кезден бастап

Ресей Қазақ ордасын өзіне қарата бастады. Ұлы хандығынан айырылған, жан-жақтан талауға түскен қазақ елін біржола бағындыру үшін тағы сексен жыл керек болды» (М.Мағауин Қазақстанның халық жазушысы). Тарих беттеріне көз салсаңыз бөлшектене бастаған ұсақ хандықтарға Ресейдің қысымы ұлғайып, ішкі аймақтарға бекіністер салына бастаған. «Абылайдың мұрагері Уәлидің беделін әлсірету үшін патша үкіметі бірқатар сұлтандарға қолдау көрсеткен. Таққа отыруға Абылайдың отыз ұлының ішінен өзі ұсынып кеткен екеуінің бірі-айтқанынан қайтпайтын өр мінезді, жігерлі, халықты ұысынан шығармай хан тағының шайқалмауын қамтамасыз ететін Қасым да бар еді (Кенесарының әкесі), бірақ старшындар да, Ресей мен Қытай да билікшіл, сұсты саналатын оны қаламады, икемшіл Уәлиді таққа отырғызды. Ол Орта жүзде 30 жыл хан болып билігін жылдан-жылға әлсіреті берді. Патша әкімшілігі хандықты одан сайын әлсірету үшін Орта жүзді екіге бөлді. Екінші хан қылып 1815 жылы Бөкей сұлтанды тағайындады. Жігерсіз Уәли де, биліксіз Бөкей де орыс билеушілеріне тиімді болды» (М.Қозыбаев т.ғ. докторы). «1801 жылы Еділ мен Жайық аралығында Бөкей ордасын құру арқылы Патша үкіметі Кіші жүзді де саяси жағынан әлсіретіп, хандықты екіге бөлді. 1817 (кей басылымдарда 1819 Ж.С.) жылы Бөкей, 1819 (кей еңбектерде 1822 Ж.С.) жылы Уәли хандар қайтыс болғаннан кейін Орта жүзде хан сайланбады (Б. Аяған тарих ғ. докторы). 1806 жылы Хиуа хандығы Сырдария бойындағы қазақтарды бағындырды. 1808 жылы Қоқан хандығы Ұлы жүз жерлерін басып алды. 1812 жылғы Орыс-Француз соғысына башқұрт атты әскер құрамында қазақтар да қатысты.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

Айлардың сұлтаны - Рамазан биыл 6 - маусымда басталды.
Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын! Құрметті отандастар, бауырлар! Баршаңызды күллі мұсылман баласы сағына күткен, берекелі, қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын. Рамазан мұбәрәк болғай!

РАХЫМ АЙЫ - Рамазан құтты болсын!

Рамазан - жалпыға ортақ ізгі амалдар маусымы. Ораза - тәрбие, сабыр, қайырымдылық, ізгілік мектебі. Рамазан - қайырымды жандар үшін үлкен мүмкіндік. Оразада жасалған Жаратушы Иемізге ұнамды әрбір қайырлы іс - үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) бір өсиетінде: «Адамдардың жақсысы – елге пайдасы тигендері», – деген. Адам қалай ниет етсе, сол мақсатына жетеді. Әр пенде сауапты амалмен, тақуалығымен Алланың алдында дәрежесі артады. Жомарт, жанашыр азаматтарды, кәсіпкерлерді көмекке мұқтаж адамдарға қамқорлық көрсетуге, мәселен, су тасқынынан үйісіз, шарасыз қалған отандастарымызға қайырымдылық жасауға, табиғи апат салдарынан бұзылған үйлерді жөндеуге қол ұшын беруге, жетім мен жесірге мейірімділік танытып, қараусыз қалған қарттарға көңіл бөлуге шақырамын.

Зекет беру – жағдайы келген (шариғат бойынша нисап мөлшеріне жеткен) мұсылманға парыз. Ал зекет берекелі Рамазан айында берілсе, оның да сауабы еселеніп жазылады. Қасиетті айдың құрметі үшін азық-түлік, көкөніс пен тұрмыстық заттарға жеңілдік жасалып, Құдайы астар мен садақалар ауызашар уақытында ұйымдастырылса, тойлар ішімдіксіз атқалса, жамандықтың бастауы болған арақ-шараптың сатылуына барынша жол берілмесе деген тілегімді білдіремін. Сонымен қатар, көпшілік жұртқа оразаның әр күнінде бір жақсылық жасауды жоспарлап, осынау сауапты амалдарды ықыласпен орындауға, Алланың әрдайым бізге үздіксіз нәсіп ететін нығметтерін садақ беруге шақырамын. Ізгі амалдар Рамазаннан кейінгі айларда да жалғасын тапса игі.

Рамазан – бірлік айы. Осы айда берілетін ауызашарлар ағайын-жұрттың арасын жақындастырып, игі іс-шаралар мен қайырымдылық акциялар халқымызды сенім мен есіліне қарамай, ортақ мақсатқа үндейді. Бүкіл әлемнің Жаратушысы барша адамға: «Бөлінбегендер», – деп бауырмал болуға бұйырған. Бірлігі күшті елдің берекесі артады. Бірлігімізге бекем болайық!

Қадірлі махағат! Сауабы еселеніп жазылатын қасиетті айда жасаған амалдарымыз бен ізгі ниеттерімізді Алла Тағала қабыл еткелі! Әумин!



Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти.

Аудандық сотта

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев судьялардың VI съезінде соттар қызметінің заңнамалық және процессуалдық нормаларын жүйелі түрде жетілдіру маңыздылығын, азаматтық сот өндірісін жаңғырту қажеттігін, азаматтық істерді қарау тәртібі процестің тараптары үшін ыңғайлы және тез, оларды бітістіруге және заманауи технологияны кең қолдануға бағытталуы тиіс екендігі жайлы айтып өтіп, Үкіметке Жоғарғы Сотпен бірлесіп жаңа Азаматтық процестің кодексі жобасын әзірлеуін тапсырған болатын.

ҚОЛДАНЫСТА – ЖАҢА КОДЕКС

Аталған тапсырмаға сәйкес 2016 жылғы 1-қантардан бастап Қазақстан Респуб- ликасының жаңа Азаматтық процестің кодексі қолданысқа енгізілді. ҚР жаңа Азаматтық процестің кодексіне сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін жеткілікті жаңа нормалар қарастырылған. Жаңалықтардың бірі партисипативтік рәсім тәртібімен дауды реттеу түріндегі татуластырудың үшінші түрі болып табылады. ҚР Азаматтық процестің кодексінің 24-бабы негізінде соттың ведомстволығына жататын, азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған дау (жанжал) тараптардың жазбаша келісімі бойынша медиация, партисипативтік рәсім тәртібімен шешілуі немесе бұған заңда тыйым салынбаған кезде төреліктің қарауына берілуі мүмкін.

Азаматтық процестің кодексінің 174-бабына сәйкес татуластырудың жаңа тәсілі – партисипативтік рәсім енгізілген. Азаматтық іс қаралған кезде сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін тараптар дауды партисипа-

тивтік рәсім тәртібімен реттеу туралы өтініш беруге құқылы. Партисипативтік рәсім мәнінің күшіне осы рәсімге қатыспайтын үшінші тұлғалардың немесе іс әрекетке қабілетсіз деп танылған тұлғалардың мүдделерін қозғайтын немесе қозғауы мүмкін даулар бойынша, сондай-ақ тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын даулар бойынша қолданылмауы тиіс. Істі қарастыратын судья (сот құрамы) дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын тексереді және оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Осы татуластырудың түрі кәсіби өкілдіктің рөлін өзектендіреді. Партисипативтік рәсім кезінде дауды реттеу тараптардың өздерінің және олардың адвокаттарының белсенді қатысуы кезінде жүзеге асырылады.

Қолданысқа енген жаңа Азаматтық процестің кодексі соттардың қарауындағы істерді оңтайландырып, оның тиімділігін арттыратынын, қазақстандық сот жүйесіндегі жаңа бағытты, ашықтық пен қолжетімділікке бастайтын бірден-бір заңнама болатынына сеніміміз мол.

Ж.АРЫСТАНБЕКОВ,
аудандық соттың төрағасы

МЕДИАЦИЯ – КЛЮЧ К РЕШЕНИЮ КОНФЛИКТОВ

Недавно в здании районного суда прошел круглый стол на тему «Закон о медиации», в котором приняли участие судья Ж. Нусипова, непрофессиональный медиатор по району и представитель городского акимата.

С докладом выступила судья Ж. Нусипова, в котором отметила: «Медиация – ключ к решению конфликтов, альтернатива урегулирования споров. Достижение взаимовыгодного и мирного соглашения, удовлетворяющего обе стороны, и снижение уровня конфликтности обеспечивает досудебное разрешение споров. Тем самым, экономит время и средства сторон и облегчает работу суда». Она добавила что, Центр Медиации и Миротворчества «Альтернатива» проводит обучение профессиональных медиаторов и рассказала о возможности стать профессиональным медиатором. В завершении круглого стола участники задали интересующие вопросы, на которые им были даны исчерпывающие ответы.

С мая месяца в здании ЦОН-а открыт кабинет медиации, в который право обращаться за помощью имеет каждый гражданин.

Соб. инф.



ҰБТ-2016

БЕЗБЕНГЕ ТҮСКЕН - БІЛІМ

Ұлттық бірыңғай тестілеу – бұл мектеп бітіруші түлектер үшін ең жауапты сәт. Ағымдағы жылы тиісті ережеге сәйкес маусым айының 1-15 аралығында республиканың облыс және аудандарында орналасқан арнайы пункттерде ҰБТ өткізілуде. Үстіміздегі жылы тестілеуді өткізу форматы өзгермей, жылдағыдай 5 пәннен 125 сұрақ және 3,5 (210 минут) сағат бөлінгенімен, түлектер үшін мән зор емтихан саналатын ҰБТ-ге 2016-2017 жылда өзгеріс енгізу басталады деп жоспарланып отыр.

3 – маусымда киелі аудан қараталдың түлектері 11 жыл алған білімдерін таразыға салды. Ауданымыздың 2016 жылғы безбенге түскен – білім нәтижелері төмендегідей болды. 2015-2016 оқу жылында ауданның 17 мектебін 294 оқушы бітіріп, олардың 177-і Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға өтініш білдірген және 176-ы қатысты. Тестілеу қорытындысы бойынша орташа балл 86,86 %-ды құрады (2015 жылы – 72,8% балл). Өткен жылмен салыстырғанда орташа балл көрсеткіші 14,6% -ға артқан. Білімдерін дәлелдей алмай «екілік» алған оқушылар 2015 жылы 7,6% болса, биыл 1,7 % -ды құрап, 5,9 % -ға кеміген.

101 баллдан жоғары жинағандар саны 2015 жылы 26 болса, үстіміздегі жылы 47-ні құрап, 10,4%-дан 26,7%-ға артып отыр. Биылғы тестілеуде К.Тоқаев атындағы ОМ оқушысы Бақыт Саяқбаева ең жоғары - 120 балл жинады.

Аудандық орташа балдан жоғары көрсеткен мектептер:

Мектеп атауы	Орташа балл
Жамбыл атындағы ОМ	103,3
А.Пушкин атындағы ОМ	98,46
М.Горький атындағы ОМ	96,06
Елтай ОМ	94,57
Лермонтов атындағы ОМ	92,75
Ж.Молдағалиев атындағы ОМ	87,7

Аудандық орташа балдан төмен көрсеткен мектептер:

Мектеп атауы	Орташа балл
№51 ОМГ	85,4
Б.Римова атындағы ОМГ	84,27
Есенберлин атындағы ОМ	83,7
Жанаталап ОМ	83,5
№13 ОМ	82,5
Р.Қошқарбаев атындағы ОМ	81,66
К.Тоқаев атындағы ОМ	80,8
Кәлпе ОМ	76,2
А.Байтұрсынов атындағы ОМ	69,8
Абай атындағы ОМ	68,57

Новое в Законе

Как известно, 7 июня вступили в законную силу изменения в Правила государственной регистрации и учета отдельных видов транспортных средств по идентификационному номеру транспортного средства и Правила приема экзаменов и выдачи водительских удостоверений. В части сокращения перечня документов, представляемых при регистрации транспортных средств (исключен устав юридического лица), а также отмены осмотра транспортного средства при замене (утере) свидетельства о регистрации транспортного средства.

ИЗМЕНЕНИЯ ВСТУПИЛИ В СИЛУ

Также согласно указанным изменениям водительские удостоверения выдаются лицам, сдавшим экзамены в регистрационно-экзаменационных подразделениях, размещенных в зданиях Государственной корпорации, независимо от регистрации по постоянному месту жительства. Кроме того, введены нормы, которые позволяют гражданину самостоятельно подготовиться и сдать экзамены на получение водительского удостоверения на право управления автомобилем транспортными средствами категорий (подкатегорий) «А, А1, В, В1» в регистрационно-экзаменационных подразделениях, размещенных в зданиях Государственной корпорации «Правительство для граждан».

Процедура приема экзаменов оста-ется прежней и состоит из двух этапов: теоретического и практического. Кандидат в водители транспортного средства в течении 40 минут сдает теоретический экзамен, и при 32 положительных ответах допускается к сдаче практического экзамена. При сдаче практического экзамена кандидат должен выполнить 12 испытательных упражнений, связанных между собой определенным маршрутом в течении 20 минут, при этом количество штрафных баллов не должно превышать 100.

В Государственной корпорации «Правительство для граждан» прием практического экзамена по навыкам вождения осуществляется на автоматизированных автодромах, оборудованных необходимыми техническими устройствами (техническими средствами организации дорожного движения, датчиками контроля движения и т. д.), которые высчитывают сумму набранных баллов и в автоматическом режиме определяют результат сдачи экзамена. Программное обеспечение полностью исключает возможность внесения коррективов результата участия экзаменатора.

Принимать экзамены у кандидатов в водители, подготовившихся самостоятельно, будут только спецЦОНЫ. Притом жители тех регионов, где таких учреждений просто нет, смогут обратиться в любой другой спецЦОН. Водительские удостоверения выдаются лицам, сдавшим экзамены в РЭП, по регистрации их постоянного места жительства, а в РЭП, размещенных в зданиях Государственной корпорации, независимо от регистрации по постоянному месту жительства.

По материалам Kaznet

ҒАСЫР ДЕРТІНЕН САҚТАНАЙЫҚ!

Бабаларымыз «Аурудың алдын ал, жаудың алдын ал, қайта көтерілген даудың алдын ал», - деген екен. Ғасыр дертіне айналған есірткі және оны тұтынудан аулақ болу, кеселдің алдын алу қажеттілігі бүгінгі күн тәртібіндегі ең басты өткір мәселелердің бірі болып тұр.

Осыған орай Балпық ауылдық округінің әкімі аппаратының жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысының ұйымдастыруымен, «Жаңаталап» орта мектебі ұжымының атсалысуымен «Нашақорлық - ортақ қасірет» атты кездесу болып өтті. Жастар саясатын жүзеге асыру, олардың жат мінездерінің алдын алу мақсатын көздеген шараға жастар көптеп жиналды. Кездесу барысында Жаңаталап орта мектебінің медбикесі Г.Есімханова нашақорлықтың адам ағзасына тигізетін кері әсері жайлы жан-жақты мағлұматтар беріп, оны пайдалану мен таратудың қылмыстық іс екенін баса ескертті. «Нашақорлықтың өсуі - бұл әлемдегі медициналық әлеуметтік проблемалардың ең ауыры болып табылады», - деді өз сөзінде мектеп медбикесі. Ол шара барысында ғасыр дертіне айналған есірткінің көлеңкелі тұстарын барынша ашуға тырысып, жас ұрпақты одан сақтануға шақырды. Жиында қойылған жастардың салмақты сауалдарына нақты жауаптар берілді. Кездесудің өткізілуіне үлкен үлес қосып, қолдау көрсеткен мектеп ұжымына ұйымдастырушы тарап ризашылықтарын білдірді.

С.ҚАЗЫБАЕВ,
Балпық а/о жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы



13 маусым

Дүйсенбі/Понедельник

ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт 07.05 «Таңшолпан» 08.00, 09.30, 17.30, 19.30, 03.15 «KazNews» 09.45, 12.55, 17.20, 21.30, 00.00, 00.30, 00.50, 03.00 Футбол 09.55 «Апта кз» 10.55 «Дара жол» 12.20 «Дауа» 12.50 «Муз-ТВ» премиясы 13.05 «Бірге таңдаймыз» 14.15 Т/х «Арман асуы» 15.00 «Әйел бақыты» 16.35, 18.35 Т/х «Жүрегім сізге аманат» 17.55, 21.05 Арнайы жоба 18.05 «Менің Қазақстаным!» 20.20 «Серпіліс» 00.15 «Жеке бапкер»

ХАБАР

07.00 «Айтұмар» 08.00 «Жаңа күн» 10.00 «7 күн» 11.00 «Экономкласс» 11.10 «Сиқырлы ас үй» 11.40 «Подари детям жизнь» 11.45, 23.25 «Тағдыр тартысы» 12.15, 19.10 «Қыз жолы» Т/х 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 21.00, 23.55, 00.55 «Жаңалықтар» 13.15 «Семейные мелодрамы» 14.10 Сериал «Катина любовь» 15.15 «Өмір сабақтары» 16.10 Т/х «Пәленшеевтер» 16.35 «Өр үйдің сыры басқа» 17.15, 22.20 Сериал «След» 17.50 «Ничего личного» 18.15 «Біздің үй» 19.55 «Негізінде» 20.30 Арнайы хабар 20.55 «По сути» 21.30 Сериал «Дерево жизни» 23.00 «Бетпе-бет» 00.25 «Сотқа жеткізбей»

АСТАНА

07.00, 08.40 «Казнет» 07.25 «Әзілстан» 07.50 «Біздің уақыт» 09.00, 22.30 «Дом с лилиями» 10.00 Т/х «Фериха» 11.10, 18.30, 21.00 «Жетім жүрек» Т/х 13.10 «Меч-2» 15.00 Ибрз.за неделю 15.40 Т/х «Ғашық жандар» 16.30, 00.30 Т/х «Бетперде» 17.30, 21.30 Т/х «Стамбул көшелері» 20.00, 00.00 Жаңалықтар 20.30, 23.30 Новости 01.40 «Ән шашу»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 07.00, 07.55, 22.00, 02.00 Жаңалықтар 06.05, 02.40 «Жить здорово» 07.15, 03.30 «Сапа бақылауда» 08.05 «Брат-2» 10.00 «Здесь мой причал...» 11.00 «Жди меня» 12.00, 01.50 «Басты патруль» 12.10, 23.20 «Паутина» 12.30 «Джодха және Акбар» үнді фильмі 13.25 «Әйел сыры» 14.15 «Таблетка» 14.45 Сериал «Провокатор» 16.40 «Давай поженимся» 17.50 «Пусть говорят» 19.00 «Весной расцветает любовь» 20.00 «Главные новости» 21.00, 22.45 Т/х «Ғажайып жан» 23.50 «Чужой среди своих»

КТК

06.05 М\ф 06.20 К\ф «Два дня одного года» 08.00 «Қыз қылығы» 08.40 Т/х «Алаң болма, жаным!» 09.40 «Семья» 11.00 «Портрет недели» 12.10 Мелодрама «Обратный путь» 14.00 «Другая правда» 15.00 «Не ври мне» 16.00 «Көріпкел» 17.00 Т/х «Тағдырмен тартыс» 17.50 Т/х «Махаббат мұңы» 18.40 Т/х «Махаббатта шек бар ма?» 19.30 Т/х «Фатмагүлдің жазығы не?» 20.30, 02.35, 03.00 Жаңалықтар 21.00 Новости 21.40 «Главная редакция» 22.20 «Солнце в подарок» 00.10 «Чужой» 01.50 «КТК қоржынынан»

ЖЕТИСУ

07.05 Ән әлемі 07.15 Net.laik 07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама 09.00 Апта (қаз) 09.30 Апта (рус) 10.10 Ораза қабыл болсын! Тікелей эфир 11.15 Айтпақшы 11.30 Ой түбінде 12.00 Мейір 12.15 Д.ф. «Тест на выживание. « 13.00 Ән шырқайық 14.00 Д.ф. «Исцеляющая сила природы» 14.30 К\ф «Эурелен» 15.45 Концерт «Елге сәлем» 17.10 Д.ф. «Секреты раскрываются» 18.00 Жаңалықтар 18.15 Қазақ хандығы 550 18.30 Новости 18.45 Рио-2016 19.00 Шашу 20.00 Жаңалықтар 20.45 Жетінші студия 21.15 Net.laik 21.30 Новости 22.00 Болмыс 22.40 Тілсқашы 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости

7 канал

06.00 «Қыздар арасында» 06.40, 04.00 Т/х «Нәпсі мен намыс» 07.30 «Тойлайк» 08.30 «Саламатты Қазақстан!» 09.00 Сериал «Повет бабочки» 12.00 «Әп, бәрекеде!» 12.40 «Айнаонлайн» 13.15, 20.00 Т/х «1001 түн» 15.00 «Вечерний Киев» 15.30 «Один в один-4» 18.30 «Ку елі скетчком» 19.00 «Қарагүл» 21.30 «Человек невидимка» 22.30 Сериал «Секретные материалы» 23.30 «Ответный удар» 00.20 «Темное дитя» 01.00 Х\ф «Проповедник с пулеметом» 03.00 Сериал «Арам ақша. Адал махаббат» 05.00 «Жеңіп көр»

СТВ

06.00 Концерт 07.20 «Пай-пай шоу» 08.00 «Жұлдыз FM» 11.00, 20.20 «Территория происшествий» 11.30 «Земляк» 12.20, 13.50 «TV Shop» 12.50, 20.30 Т/х «Құрдастар» 13.30, 15.30, 23.40 «Музыка арнасы» 14.25, 21.10 «Ән шашу» 16.00 «Бутик TV» 19.00 «Страницы памяти моей страны» 19.30 «Тайны нашего кино» 20.00 «Панорама дня» 21.30 «Тәулік тынысы» 21.50 Концерт 00.00 «Гармония» 00.40 «Пять граней успеха» 02.00 «Ән көңілдің ажары»

14 маусым

Сейсенбі/Вторник

ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт 07.00 «Таңшолпан» 08.00, 09.30, 17.30, 19.30, 03.15 «KazNews» 10.00, 12.50, 17.20, 21.50, 00.00, 00.30, 00.50, 03.00 Футбол 10.10, 10.35 М\х 11.05, 20.20 Т/х «Аяулы арман» 12.00 «Айтуға оңай» 13.00 «Бірге таңдаймыз» 14.10 Т/х «Арман асуы» 15.00 «Әйел бақыты» 16.35, 18.35 Т/х «Жүрегім сізге аманат» 17.15 «Табыс сыры» 18.15, 01.05 «Қылмыс пен жаза» 21.30, 01.50 Арнайы жоба 00.15 «Жеке бапкер»

ХАБАР

07.00 «Айтұмар» 08.00 «Жаңа күн» 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 16.00, 17.00, 20.00, 21.00, 00.25, 01.25 Жаңалықтар 10.10, 21.30 «Дерево жизни» 11.10 «Магия кухни» 11.40 «Подари детям жизнь» 11.45, 23.30 «Тағдыр тартысы» 12.15 «Қыз жолы» 13.15 «Семейные мелодрамы» 14.10 Сериал «Катина любовь» 15.15 «Өмір сабақтары» 16.10 Т/х «Пәленшеевтер» 16.35 «Өр үйдің сыры басқа» 17.15, 22.20 Сериал «След» 18.15 «Біздің үй» 18.55 Т/х «Бәсеке» 19.55 «Негізінде» 20.30 «Бюро расследований» 20.55 «По сути» 23.00 «Бетпе бет» 00.00 Арнайы хабар 00.55 «Сотқа жеткізбей»

АСТАНА

07.00, 15.15 «Казнет» 07.35 «Әзілстан» 08.00, 20.00, 00.00 Жаңалықтар 08.30, 20.30, 23.30 Новости 09.00, 22.30 Сериал «Дом с лилиями» 10.00 Т/х «Фериха» 11.10, 18.30, 21.00 «Жетім жүрек» Т/х 13.10 «Меч-2» 15.40 «Ғашық жандар» 16.30, 00.30 Т/х «Бетперде» 17.30, 21.30 Т/х «Стамбул көшелері» 01.40 «Ән шашу»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 07.00, 07.55, 22.00, 02.10 Жаңалықтар 06.05 «Жить здорово» 07.15, 03.25 «Сапа бақылауда» 08.00 «Доброе утро» 11.00 «Склифосовский-3» 12.00, 01.50 «Басты патруль» 12.10, 23.20 «Паутина» 12.30 «Джодха және Акбар» үнді фильмі 13.25, 02.40 «Все мы люди» 14.15 «Таблетка» 14.45 Сериал «Провокатор» 16.40 «Давай поженимся» 17.50 «Пусть говорят» 19.00 «Весной расцветает любовь» 20.00 «Главные новости» 20.45, 22.45 Т/х «Ғажайып жан» 23.50 «Чужой среди своих»

КТК

06.05 М\ф 06.40 «Қарадайы» 07.40 Т/х «Алаң болма, жаным!» 08.40, 20.30, 02.35 Жаңалықтар 09.10, 19.30 Т/х «Фатмагүлдің жазығы не?» 10.00 «Чужой» 12.00, 21.00 Новости 12.40 «Главная редакция» 13.20 Мелодрама «Женщина на грани» 15.00 «Не ври мне» 16.00 «Көріпкел» 17.00 Т/х «Тағдырмен тартыс» 17.50 Т/х «Махаббат мұңы» 18.40 Т/х «Махаббатта шек бар ма?» 21.40 «Диагноз» 22.10 «Солнце в подарок» 23.50 «Чужой» 01.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТИСУ

07.05 Ән әлемі 07.15 Net.laik 07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 Ораза қабыл болсын! Тікелей эфир 11.00 Жетінші студия 11.30 Тілсқашы 11.45 Полиция қызметі 12.00 Шашу 13.00 Болмыс 13.45 Мейман 14.35 Д.ф. «Искусство пространства» 15.05 «Нұр-Мұқасан» ансамблінң концерті 17.00 Д.ф. «Этот странный мир» 17.30 Д\ф «Кенесары» 18.00 Жаңалықтар 18.15 Қазақ хандығы 550 18.30 Новости 18.45 Рио-2016 19.00 Шашу 20.00 Жаңалықтар 20.45 Жетінші студия. Тікелей эфир. 21.20 Net.laik 21.30 Новости 22.00 Болмыс 22.40 Ел қорғаны 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости

7 канал

06.00 «Қыздар арасында» 06.40, 04.00 Т/х «Нәпсі мен намыс» 07.30, 19.00 Т/х «Қара гүл» 08.30 «Саламатты Қазақстан» 09.00 М\ф 10.30, 17.00 «Смеяться разрешается» 12.00 «Әп, бәрекеде!» 12.40 «Жан сырым» 13.15, 20.00 Т/х «1001 түн» 15.00 «Мои прекрасные» 16.00 Сериал «Право на помилование» 18.30 «Ку елі скетчком» 21.30 «Человек невидимка» 22.30 Сериал «Секретные материалы» 23.30 «Ответный удар» 00.20 «Темное дитя» 01.00 Сериал «Ходячие мертвецы» 02.00 «Кәсіби бокс» 03.00 Сериал «Арам ақша. Адал махаббат» 05.00 «Жеңіп көр»

СТВ

06.00 Концерт 08.00 «ЖұлдызFM» 11.00, 20.20 «Территория происшествий» 11.10 «Удар властью» 12.20, 13.50 «TV Shop» 12.50, 20.30 Т/х «Құрдастар» 13.30, 15.30, 23.45 Музыка арнасы 14.25, 21.10 «Ән шашу» 16.00 «Бутик TV» 19.00 «Страницы памяти моей страны» 19.15 «На мне узор нету» 20.00 «Панорама дня» 21.30 «Тәулік тынысы» 21.50 Концерт 00.00 «Задорнов больше, чем Задорнов» 01.25 Осторожно, мошенники 01.55 «Ән көңілдің ажары»

15 маусым

Сәрсенбі/Среда

ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт 07.00 «Таңшолпан» 08.00, 09.30, 17.30, 19.30, 03.15 «KazNews» 10.00, 15.50, 21.30, 21.50, 00.00, 00.30, 00.50, 03.00, Футбол 10.10, 10.35 М\х 11.05, 20.20 Т/х «Аяулы арман» 12.00, «Айтуға оңай» 13.00 «Бірге таңдаймыз» 14.10 Т/х «Арман асуы» 15.00 «Әйел бақыты» 16.40, 18.35 Т/х «Жүрегім сізге аманат» 17.55, 21.15 Арнайы жоба 18.05 «Келбет» 00.15 «Жеке бапкер».

ХАБАР

07.00 «Айтұмар» 08.00 «Жаңа күн» 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 16.00, 17.00, 20.00, 21.00, 23.30, 01.00 Жаңалықтар 10.10, 21.30 «Дерево жизни» 11.10 «Кулинарная программа» 11.40 «Подари детям жизнь» 11.45, 23.00 «Тағдыр тартысы» 12.10, 19.00 Т/х «Бәсеке» 13.15 «Семейные мелодрамы» 14.10 «Катина любовь» 15.15 «Өмір сабақтары» 16.10 Т/х «Пәленшеевтер» 16.35 «Өр үйдің сыры басқа» 17.15, 22.20 Сериал «След» 17.50 Сериал «Ничего личного» 18.15 «Біздің үй» 19.55 «Негізінде» 20.30 «Бетпе - бет» 20.55 «По сути» 00.00 «Сотқа жеткізбей» 00.30 «Арман қанатында»

АСТАНА

07.00 «Казнет» 07.35 «Әзілстан» 08.00, 20.00, 00.45 Жаңалықтар 08.30, 20.30, 00.15 Новости 09.00 Сериал «Дом с лилиями» 10.00 Т/х «Фериха» 11.10, 18.30, 21.00 «Жетім жүрек» Т/х 13.10 «Меч-2» 15.15 «Ел аузында» 15.40 Т/х «Ғашық жандар» 16.30, 01.15 «Қауіпті сезім» 17.30, 21.30 Т/х «Стамбул көшелері» 22.30 Сериал «Великая» 23.30 «Открытая студия»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 07.00, 07.55, 22.00, 02.00 Жаңалықтар 06.05 «Жить здорово» 07.15, 03.25 «Сапа бақылауда» 08.00 «Доброе утро» 11.00 «Склифосовский-3» 12.00, 01.50 «Басты патруль» 12.10, 23.20 «Паутина» 12.30 «Джодха және Акбар» үнді фильмі 13.25, 02.40 «Все мы люди» 14.15 «Таблетка» 14.45 Сериал «Провокатор» 16.40 «Давай поженимся» 17.50 «Пусть говорят» 19.00 Секриал «Весной расцветает любовь» 20.00 «Главные новости» 20.45, 22.45 Т/х «Ғажайып жан» 23.50 «Чужой среди своих»

КТК

06.05 М\ф 06.40 «Қарадайы» 07.40 Т/х «Алаң болма, жаным!» 08.40, 20.30, 02.35 Жаңалықтар 09.10, 19.30 Т/х «Фатмагүлдің жазығы не?» 10.00 «Чужой» 12.00, 21.00 Новости 12.40 «Диагноз» 13.10 Мелодрама «Женщина на грани» 15.00 «Не ври мне» 16.00 Т/х «Тағдырмен тартыс» 17.00, 17.50 Т/х «Махаббат мұңы» 18.40 Т/х «Махаббатта шек бар ма?» 21.40 «Черный квадрат» 22.10 «Пороги» 23.50 «Пасечник» 01.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТИСУ

07.05 Net.laik 07.15 Ән әлемі 07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 Ораза қабыл болсын! Тікелей эфир 11.00 Жетінші студия 11.35 Жауһар 12.00 Шашу. 13.00 Болмыс 13.45 Монолог 14.00 Д.ф. « Самые отчаянные спасательные операции « 14.50 Иран Ғайып әндерінен концерт 16.55 Д.ф. «Спасение животных « 17.45 Детская программа 18.00 Жаңалықтар. 18.15 Қазақ хандығы 550 18.30 Новости 18.45 Рио-2016 19.00 Шашу 20.00 Жаңалықтар 20.45 Жетінші студия. 21.15 Net.laik 21.30 Новости 22.00 Болмыс 22.40 Қылмыс кітабы 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости

7 канал

06.00 «Қыздар арасында» 06.40, 04.00 Сериал «Нәпсі мен намыс» 07.30, 19.00 Т/х «Қара гүл» 08.30 «Саламатты Қазақстан» 09.00 «Мой папа круче» 10.00, 17.00 «Смеяться разрешается» 12.00 «Әп, бәрекеде!» 12.40 «Жан сырым» 13.15, 20.00 Т/х «1001 түн» 15.00 «Мои прекрасные» 16.00 «Право на помилование» 18.30 «Ку елі скетчком» 21.30 «Человек невидимка» 22.30 Сериал «Секретные материалы» 23.30 «Ответный удар» 00.20 «Темное дитя» 01.00 Сериал «Ходячие мертвецы» 02.00 «Кәсіби бокс» 03.00 Сериал «Арам ақша. Адал махаббат» 05.00 «Жеңіп көр»

СТВ

06.00 Концерт 08.00 «ЖұлдызFM» 11.00, 20.20 «Территория происшествий» 11.10 «Удар властью» 12.20, 13.50 «TV Shop» 12.50, 20.30 Т/х «Құрдастар» 13.30, 15.30, 23.40 Музыка арнасы 14.25, 21.10 «Ән шашу» 16.00 «Бутик TV» 19.00 «Страницы памяти моей страны» 19.30 «Тайны нашего кино» 20.00 «Панорама дня» 21.30 «Тәулік тынысы» 21.50 Концерт 00.00 «Гармония» 00.40 «Мне все еще смешно» 01.25 «Ән көңілдің ажары»

Баршаның назарына!

Құрметті Қаратал ауданының тұрғындары мен қоңақтары! «Баршаның назарына» хабарлау дабылына елдің әрекетін тексеру үшін және хабарлау жүйесіне техникалық тексеріс жүргізу мақсатында 2016 жылдың 15 - маусымында сағат 12:00 - де ауданымыздағы бар электросиреналардың қосылуы болады. Осыған байланысты халықтың арасында үрей мен түсінеушілікті туғызбау үшін, Сіздерден осы шараға түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз!

Қаратал ауданының ТЖМ бөлімі.

Внимание всем!

Уважаемые жители района, в целях развития у населения навыков реагирования и действия при возникновении чрезвычайных ситуаций, 15 июня 2016 года в 12:00 часов будет проводиться профилактические работы с включением сигнала оповещения «Внимание всем!». Просим Вас отнестись к этому с пониманием и не допускать паники. Отдел по ЧС Караталского района

Қаратал ауданының ТЖБ басшылығының және және заңды тұлғаларды жеке өтініштері бойынша қабылдау кестесі

Table with 4 columns: қабылдау жүргізетін тұлғаның аты-жөні, қабылдау күні мен уақыты, мекен-жайы, қызметтік телефоны. Rows include Talgat Жақанұлы Балшенев, Шарипбай Айдар Минашұлы, Бас маман азаматтық қорғау майоры.



